

## 2014 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 589 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қаңтарда № 4408 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес, халықты әлеуметтік қорғау нысандарын белгілеу кезінде бірыңғай ыңғай жасау мақсатында Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын:

1) табысы аз адамдар;

2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;

3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;

4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызлікті, көп балалы ата - аналар;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауда тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;

6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);

7) мүгедектер;

8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

10) оралманدار;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші - занды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;

14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

15) "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыздар ретінде тіркелген лайықты жұмысы жоқ  
а д а м д а р .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары М.К.  
Жұрқабаев қа жүктелсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

Лисаков қаласының әкімі

*M. Жұндібаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК